«Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 6.04.2020 ж. №130 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 ж. №68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020317>).

«Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекіту туралы» (ҚР БҒМ 14.01.2016 ж. №26 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022ж. №534 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013085>);

«Орта білім беру ұйымдарында сынып жетекшілігі туралы ережені бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2016 ж. №18 бұйрығы, 31.05.2022 ж. №251 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013067>);

«Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің террористік тұрғыдан осалобъектілерді және білім және ғылым саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерді терроризмге қарсы қорғауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы»(ҚР БҒМ 30.03.2022 ж. № 117 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200027414>)

«Білім беру ұйымдарында психологиялық педагогикалық қолдап отыру қағидаларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 12.01.2022 ж. №6 бұйрығы) <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200026513/compare>

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы №248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білімберу» жобасы.

2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары мектептің тәрбие жұмысының тақырыбына сәйкес және 2022-2023 оқу жылына арналған барлық білім беру бағдарламаларын міндетті түрде көрсетумен және Республикалық жобалармен іске асырылған.

«Тұлғаның дамуы және оның тәрбиесі» тақырыбын басшылыққа ала отырып мектептің тәрбие жұмысы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрықпен бекітілген. Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері бойынша 8 бағытта жүргізілген. Тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекіткен 8 бағыт бойынша әзірленген алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге толық сәйкес келеді.

«Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие» оқушылардың бойына отанға ұтымды және эмоционалды қарым-қатынасты, мемлекетпен қоғамның саяси, құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы зансыздыққа қарсы тұратын, балалар мен жастар ортасында қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа қарсы тұруға дайын заңдарын меңгеру және сақтау қажеттілігі бар патриотпен азаматты қалыптастыруға тәрбиелейді.

«Рухани-адамгершілік тәрбие» - тұлғаның қазақстандық қоғам өмірінің жалпы адамзаттық құндылықтарымен, нормалары мен дәстүрлерімен келісетін рухани-адамгершілік және этикалық қағидаларын, оның моральдық қасиеттерімен ұстанымдарын қайта жаңғырту туралы «Құндылықтарға негізделген білім беру», «Қоғамға қызмет» жобаларын іске асыру арқылы терең түсінігін қалыптастыруды көздейді.

«Ұлттық тәрбие» - жеке тұлғаны жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарға, ана тілі және мемлекеттік тілге, қазақ халқының мәдениетіне, Қазақстан Республикасы этностары мен этностық топтарына құрмет көрсетуге баулиды. «Отбасылық тәрбие» - ата-аналарға білім беру, олардың психологиялық – педагогикалық құзыреттілігін және балаларды тәрбиелеу жауапкершілігін арттыруға бағытталады.

«Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие» - кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамытады. «Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу» - әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық, оның ішінде балалардың кибермәдениеті мен кибергигиенасы бойынша мәдениетті дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастырады.

«Көп мәдениеттік және көркем-эстетикалық тәрбие» - білім алушыларға жалпы мәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастырып, жеке тұлғаның өнер мен шынайылыққа эстетикалық объектілерді қабылдауға, меңгеруге, бағалауға дайындығын дамыту, оның ішінде “Ұшқыр ой алаңы” мектеп оқушыларының дебаттық қозғалысы”

жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру арқылы білім беру ұйымдарында полимәдени орта құрады.

«Дене тәрбиесі», салауатты өмір салты» - салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтауды білу үшін кеңістік құрайды.

Жоспар заңдар мен заңға тәуелді актілердің негізінде жасалды. Жоспар бірнеше бөлімдерден тұрады:

Білім беруді нормативтік құқықтық қамтамасыз ету;

Ғылыми-әдістемелік және ақпараттық қамтамасыз ету;

Іске асыру тетіктері: білім берудің басым бағыттары бойынша іс-шаралар.

Мектептің тәрбие жұмысы жоспарын орындауда келесі атаулы және мерейтойларға ерекше көңіл бөлінді:

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығы;

Роза Бағланованың 100 жылдығы;

Қазыбекбидің 355 жылдығы;

Мұхтар Әуезовтің 125 жылдығы;

Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығы;

Шерхан Мұртазаның 90 жылдығы;

Мәншүк Мәметованың 110 жылдығы;

Қазақстанның Мемлекеттік рәміздерінің 30 жылдығы.

2022-2023 оқу жылында сегіз бағыт бойынша, айтулы даталарға арналған іс-шаралар өткізілді.

Оқушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы Абайдың «Толық адам» рухани мұрасында бейнеленген үйлесімді дамыған адамның ұлттық бейнесі болып танылады. «Толық адам» тұлғалық жеке қасиеттері білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында, Мемлекет басшысының «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» және «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» бағдарламалық мақалаларында және басқа да мемлекеттік тұжырымдамаларда айқындалған құндылықтар мен басымдықтарды жеке тұлғаны тәрбиелеудің бірегей жүйелік тәсілімен қамтамасыз ету үшін біріктіреді.

2022-2023 оқу жылында 125 АЛМАТЫ орта мектебінде сабақтан тыс қызмет шеңберінде келесі жобалар жүзеге асырылды:

«Мектептің өзін-өзі басқаруы» мектеп белсенділерінің бастамашылық қызметі арқылы мектептің өзін-өзі басқару жұмысы туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылуда және «Жас Ұлан» мен Мектеп парламентінің жұмысын біріктіреді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының негізгі бағыттары өзара әрекеттесу және әлеуметтік серіктестік арқылы оқушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруға, мектеп оқушыларының оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруға және ата-аналарды оқуға тартуға бағытталған біртұтастығын қалыптастыру жобасын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар өткізілді.

«Отбасы - мектеп» жобасы - отбасының тәрбиелік әлеуетін, отбасылық тәрбие бойынша педагогтердің әдістемелік практикасын және Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен өзара іс-әрекетті тиімді жетілдіруге бағытталуда. Жоба аясында ата-аналардың тәрбие сағаттарын жүргізуге мүмкіндігі бар «Ата - ана, мектеп, оқушы» үштік одағы белсенді қызметін атқаруда.

«Ерте жастан басталатын экологиялық мәдениет» жобасы - оқушыларда табиғатқа, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауды, оны қорғауға даярлықтарын ерте жастан қалыптастыратын акциялар өз кезегінде ұйымдастырылуда.

«Еңбек – елдің мұраты» жобасы - жас ұрпақтың бойында табанды еңбектің арқасында жетістікке жетуді насихаттап, табысты адамдардың беделін арттыру арқылы еңбекке

деген сүйіспеншілікті қалыптастыруда. Жоба бойынша эко-акция, эко-квест, челленджер өткізілген.

«Дәстүр және ғұрып» жобасы - ұмыт болып бара жатқан салт-дәстүрімізді жаңғыртып, тәрбиелік және адамгершілік құндылығы жоғары әдет-ғұрыптарды жас ұрпақтың бойына сіңіріп, ұлттық тағамдарымыздың ерекшелігі мен құндылықтарын кеңінен дәріптеуде.

2023-2024 оқу жылы бойынша тәрбие жұмысы біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылуда. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу; Тәрбие жұмысының мазмұнында Ұлттық мүдде; Ар-ұят; Талап құндылықтары көрініс табады.

«Ұлттық мүдде» құндылығы төмендегідей индикаторлардан тұрады:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу, Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу, ұлттық мұраға ұқыпты қарау, қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу, қоғам игілігі үшін қызмет ету, Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу, ұлттық мәдениетті дәріптеу.

«Ар-ұят» құндылығы төмендегідей индикаторлардан тұрады:

- Академиялық адалдық қағидатын қолдау, адал еңбекті құрметтеу, сөзіне берік, ісіне адал болу, отбасының, өз ортасының абыройын асыру, халқына адал қызмет ету, әдеп нормаларын ұстану, шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну, достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту, өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бірмүшесі екенін сезіну.

«Талап» құндылығы төмендегідей индикаторлардан тұрады:

- сыни және креативті ойлау, жеке және командамен жұмыс істей білу, білуге, жаңаны тануға құштар болу, физикалық белсенді болу, салауатты өмір салтын ұстану, технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету, уақытпен қаржыны тиімді жоспарлау, дұрыс қарым-қатынас орната білу

Біртұтас тәрбие бағдарламасы төмендегідей бөлімдерден тұрады:

I. Ұйымдастырушылық-әдістемелік жұмыстар;

II. «Ұлттық мүдде», «Ар-ұят», «Талап» құндылықтарына негізделген іс-шаралар.

Мектептің тәрбие жұмысы жоспарын орындауда келесі атаулы және мерейтойларға ерекше көңіл бөлінуде:

Төле бидің 360 жылдық мерей тойы;

Құрманғазы Сағырбайұлының 200 жылдығы;

Музафар Әлімбаевтың 100 жылдығы;

Халел Досмухамедовтың 140 жылдығы;

Жүсіпбек Аймауытовтың 135 жылдық мерейтойы;

Ілияс Жансүгіровтің 130 жылдығы;

Қаныш Сәтбаевтың 125 жылдығы;

Шәкен Аймановтың 110 жылдығы;

Әбілхан Қастеевтің 120 жылдық мерейтойлары

- Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету болып табылады.

- 2023-2024 оқу жылында 125 АЛМАТЫ сабақтан тыс қызмет шеңберінде келесі жобалар жүзеге асырылды: «Мектептің өзін-өзі басқаруы», «Оқуға құштар мектеп» жобасы,

- «Отбасы-мектеп» жобасы, «Еңбегі адал жас өрен» жобасы, «Тарихқа құрмет» жобасы,

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы.

1.5.Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін сабақтан тыс қызметтің әртүрлі нысандарын ұйымдастыру

Шығармашылық және мәдени байқауларға, фестивальдерге және байқауларға, спорттық жарыстармен конкурстарға қатысу нәтижелері :

Мектеп жағдайында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін сақтау және нығайту,оның ішінде мектеп оқушыларының мәдени деңгейін қалыптастыру мақсатында «Адал ұрпақ» ерікті клубы құрылған. Бұл клубтың жетекшісі тарих пәнінің мұғалімі Хасан Нұрсәт «Ұшқыр ой» ерікті клубында 15 адам жұмыс жасауда.

Адал ұрпақ клубының жоспарына сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбиелеу бойынша іс-шаралар қарастырылған. Атап айтатын болсақ: сурет байқаулары, челленджер, эссе байқаулары, сынып сағаттары, дөңгелек үстелдер, «Адал ұрпаққа 100 сұрақ» акциясы, «Жемқорлыққа жол жоқ» брошюралар тарату күні, «Адал ұрпақ – ел болашағы» ұрандар байқауы жүргізілуде. «Адал ұрпақ» клубының жұмысын көрсету мақсатында стенд жасалынып, атқарылған жұмыстар әлеуметтік желілерде жариялануда. Сонымен қатар мектептегі қиын өмірлік жағдайға тап болған білім алушы хабарласа алатын сенім телефондары жарияланып, сенім жәшігі қойылған.

Мектепте ата-аналар комитеті жұмыс жасайды, төрайымы Ертаева Жанат . Ата-аналар комитеті балаларға жалпы орта білім беру ұйымдарында мектепке және отбасыға көмек көрсету мақсаттарында құрылған.

Олар оқушыларда ғылым негіздері туралы терең және берік білімді қамтамасыз етуде, оқушыларда жоғары адамгершілік қасиеттерін, еңбекке зерделі көзқарасты, жауапкершілікті және тәртіпті, өзін ұстау мәдениетін тәрбиелеуде, оқушылардың құқықтық, эстетикалық, физикалық тәрбиесінде, олардың денсаулығын сақтауда педагогикалық ұжымға көмек көрсетеді.

Сыныптың ата-аналар комитеті өз жұмысында ата-аналар комитеті туралы ережені, жұмыс жоспарын, ата-аналар жиналыстарының шешімдерін, педагогикалық кеңестің, мектеп директорының және сынып жетекшілерінің ұсынымдарын басшылыққа алады. Ата-аналар комитетінің міндеттері мыналар болып табылады:

Мектептің педагогикалық ұжымы мен отбасының балаларға бірлесіп тәрбиелік әсерді белгілеу мақсаттарында отбасы мен мектеп арасында байланыстарды жан-жақтынығайту; ата-аналар жұртшылығын мектептің өміріне белсенді қатысуға, ата-аналар мен халық арасында педагогикалық насихаттауды ұйымдастыруға тарту;

Мектептің шаруашылық және оқу-материалдық базасын нығайтуда көмек көрсету; әлеуметтік қорғалмаған оқушыларды анықтауда және қорғауда көмек көрсету. Жалпы мектеп ата-аналар комитетінің басшылығымен мектепте жұмыстың бөлек тараулары (педагогикалық насихаттауды өткізу, еңбек тәрбиесі және қоғамға пайдалы еңбекті ұйымдастыру, мәдени-көпшілік жұмыс, шаруашылық, спорттық- сауықтыру және т.б.жұмыстар) бойынша тұрақты немесе уақытша комиссиялары құрылуы мүмкін. Комиссиялардың құрамы және олардың жұмысының мазмұны ата- аналар комитетімен анықталады.

Сабақтан тыс уақытта оқушылармен тәрбие жұмысында ата-аналарды тікелей қатысуға тарту;

Оқушылардың кәсіптік бағдары бойынша жұмыс;

Мектеп Жарғысын орындау бойынша, оқушылардың жеке пәндерді тереңдеп зерттеуі бойынша бақылауды жүзеге асыру;

Жиналыстарды, ата-аналарға арналған баяндамаларды, дәрістерді оқуды, отбасылық тәрбие тәжірибесімен алмасу жөніндегі сұхбаттарды ұйымдастыру және өткізу, мектептің шаруашылық және оқу-материалдық базасын нығайту, көріктендіру және онда қалыпты санитарлық-гигиеналық жағдайларды жасау бойынша іс-шараларды жүзеге асыру;

Демалыс кезеңінде оқушылармен сауықтыру және мәдени-көпшілік іс-шараларын өткізу.

Мектебімізде 10 білім алушыны қамтитын «Жас экологтар» клубы жұмыс жасайды. Жоба аясында оқушылар мектеп ауласының аумағын және іргелес көшелерді аралап, өздігінен қоқыс тастайтын жерлерді анықтайды, қоршаған ортаны құрметтеу керектігін түсіндіретін хабарландырулар іледі. Қоршаған ортаның жай-күйіне қызығушылықтың артуына мынандай іс-шаралар себепші болады: «Печа – куча», «Эко-сағаттар», «Эко-акция», «Экскурсиялар» экологиялық байқаулары табиғатты қорғау шараларына жыл бойы оқушылар белсене қатысуда. 2021-2022 оқу жылында «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай 30 түп ағаш» акциясы аясында ата-аналар демеушілігімен 30 арша ағашы жеткізіліп, оқушыларымыз салтанатты түрде мектеп ауласына отырғызды (қазан).

«Жас экологтардың» бастамасымен «Таза әлем» атты эко-акция өткізіліп, акциясы шеңберінде сенбілік өтті. Оқушылар сынып жетекшілерінің жетекшілігімен қоқыстарды, қурап қалған жапырақтар мен шөптерді жинап, талдарды ақтап, мектеп ауласын тазартты. Гүлзарларды тазартып, жерін қоңсытты (сәуір). 2022-2023 оқу жылында «Біз таза қала үшін!» атты эко-акция өтіп, мектеп оқушылары мектеп ауласын көгалдандырып, қоқыстардан тазартты (қыркүйек). «Өз Наурыз» мерекесіне орай ұжым мүшелерінің ұйымдастыруымен мектеп ауласында 30 ағаш отырғызылды (наурыз).

Мектеп ауласы – біздің балаларымыздың өмір сүру кеңістігі, оны оқу мен өмір сүру қызықты болатындай етіп ұйымдастыру керек. Өйткені, мектеп ауласында балалар уақытының көп бөлігін өткізеді. Оның дизайны эстетикалық талғамды қалыптастыруда орасан зор рөл атқарады, әл-ауқат пен өнімділікке, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-қатынасқа әсер етуде.

Азаматтық-патриоттық тәрбие

Мектепте ұлттық мақтаныш пен намыс сезімін, интернационализм мен қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, Мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге бағытталған іс-шаралар өткізілуде.

Мемлекеттік рәміздерді насихаттау жұмыстары жалпы мектептік іс-шаралар жоспарына сәйкес, патриоттық тәрбие берудің кешенді мақсатты бағдарламасы негізінде жүйелі түрде жүргізілуде. Жыл бойы Мемлекеттік рәміздерді насихаттау айлығы өткізіледі. Бастауыш сыныптардағы, мемлекеттік тіл, тарих, география, АӘЖТД кабинеттерінде рәміздердің бұрыштарын тексеру ұйымдастырылған. Бірінші және екінші жартыжылдықта Мемлекеттік рәміздерді білуге тестілеу жүргізіледі.

Тәрбиелік деңгей

Жыл бойы сынып жетекшілер тәрбие деңгейін диагностикалаумен айналысады, бұл белгілі бір нәтижелерге қолжеткізуге мүмкіндік береді, сонымен қатар кейбір сыныптардағы жұмысты оқушылардың тәрбие деңгейіне қарай реттеуге және осы бағыттағы келесі оқу жылына арналған жұмыстарды жобалауға көмектеседі.

Сынып жетекшілер тарапынан тәрбиелік деңгей бірнеше қасиеттермен (білімділік, мейірімділік, ашықтық, әділдік, кішіпейілділік) анықталады. 2022-2023 оқу жылында жалпы тәрбиелік көрсеткіш 80% құрады. 2023-2024 оқу жылында жалпы мектеп оқушыларының тәрбиелік деңгейі 82% көрсетті. 2022-2023 оқу жылында +2% еселенсе, 2023 -2024 оқу жылында оқушыларының тәрбиелік деңгейі +1% еселеніп отыр.

Алынған нәтижелерден ұстаздар ұжымының мұнымен тоқтап қалмай, осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыра беретінін байқауға болады. Оқу үрдісінде жаңа технологиялар мен жаңа бағыттарды кеңінен пайдалану қажет.

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы

«Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмысы.

2011 жылы 11 ақпанда өткен «Нұр Отан» ХДП-ның XII съезінде Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев өскелең ұрпақты тәрбиелеуге және «Жас Ұлан!» балалар мен жасөспірімдер ұйымдарын құруға үлкен көңіл бөлу қажеттігін атап өтті. Ұлан!», «Жас Қыран», Республика әлемінде жүйелі жұмыс атқарып келеді. Негізгі мақсат – балалар мен жасөспірімдердің ұжымдық шығармашылық іс-әрекетін ұйымдастыру арқылы тұлғаның өзін-өзі анықтауына, өзін-өзі дамытуына және өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау.

Практикалық іс-әрекетке, білімге, қоршаған әлемге бағдарлауға қажетті шығармашылық ойлауды дамытуға ықпал ететін дәстүрлі жұмыстар ұйымдастыру және өткізу. Мектеп оқушыларының жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, салауатты өмір салтын насихаттау, патриоттық тәрбие беру, құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша жалпы мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.

Оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, көшбасшылық және ұйымдастырушылық қасиеттерін қалыптастыруға ынталандыратын мектептің өзін-өзі басқаруын жүзеге асыру. Әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асыру аясындағы жұмыстарды атқарады.

Мектеп парламенті

Парламенттің мақсаты: оқушылардың азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғамын және қоғамын жетілдіру мүдделері үшін әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік азамат тәрбиелеу.

Парламенттің міндеттері:

1. оқушылардың шығармашылық әрекеті мен көркем өнерпаздық өнерін жүзеге асыру;
2. білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде олардың мүдделерін қозғайтын білім беру, әлеуметтік және басқа да мәселелерді шешуге жәрдемдесу;
3. білім беру ұйымының басшылығына оқу және басқа да мәселелерді шешуде, оқушылардың бос уақытын және өмірін ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
4. білім беруді ұйымдастырудың рухы мен дәстүріне патриоттық көзқарасқа бағытталған жұмыстарды жүргізу, оқушылардың сана-сезімін арттыру және олардың өз білім деңгейіне талапшылдығы, мүлікке ұқыптылық пен қарауға тәрбиелеу;
5. оқушылардың білім беру ұйымының қызметі туралы ақпараттандыру;
6. Қазақстандық қоғам дамуының нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікірді қалыптастыруға қатысу;
7. Әлеуметтік маңызы бар балалар мен жасөспірімдер бастамаларын жүзеге асыруға жәрдемдесу;
8. Білім беруді ұйымдастыруда Парламенттің қызметі аймақтың және білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктерін ескере отырып айқындалатын басқа да міндеттерді шешуге бағытталған.

Балалардың әлеуметтенуіне ықпал ету нысандарының бірі мектеп президентін сайлау болып табылады. Сайлау – әрбір қатысушы өз бетінше шешім қабылдауға және сол немесе басқа кандидатқа артықшылық беруге тиіс ұжымдық қызмет нысандарының бірі.

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айында сайлау жүргізіліп, нәтижесінде 10 «Ә» сынып оқушысы Асығатбек Сұңқар мектеп президенті болып сайланды. 2023-2024 оқу жылында 11 «Г» сынып оқушысы Әбіл Шуақ мектеп президенті болып сайланды. Ал 2024-2025 оқу жылында 11 «З» сынып оқушысы Болат Диас сайланды.

Сайлауға мектеп оқушылары белсене ат салысты. Мектеп парламентінің президенттігіне кандидаттар өздерінің үгіт-насихат бағдарламаларын ұсынды, презентациялармен бейне-роликтер мектептің Instagram желісінде орналастырылды. Мектептегі жалпы мектептік стендке ақпараттық парақшалар қойылды. Мектептің өзін-өзі басқару органдарына сайлауда аяқталды. Фракция басшылары сынып жиналыстарында сынып оқушыларының белсенді мүшелерінің арасынан сайланды. Мектеп парламенті 8 фракциядан тұрады, олардың әрқайсысында министрлер бар.

Мектеп парламенті оқушылар арасында өзін-өзі басқаруды дамыту мақсатында құрылған. Парламент өзара көмек пен сенім, дамуға ұмтылу, барлық білім алушылардың тең құқылығы, ұжымдық шешім қабылдау, білім алушылардың құқықтары мен мүдделерінің басымдылығы, әрбір жеке тұлғаға қатысты адамгершілік, ашықтық, еріктілік, адалдық және серіктестерге құрмет көрсету принциптеріне негізделген. Парламент – білім алушылардың білім беру ұйымының өзін-өзі басқаруына, оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешуге қатысуының нысаны.

Сондай-ақ, мектеп парламентінің қызметі туралы Ереже әзірленіп, бекітілді. Мектептегі Парламенттің қызметін директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары ұйымдастырады, ол Парламентке жүктелген міндеттер мен функциялардың орындалуына дербес жауапты болады. Мектептің өзін-өзі басқаруы өз жұмысында келесі бағыттарды ұстанады: азаматтық-патриоттық, адамгершілік, ақпараттық, ұйымдастырушылық, бос уақытты тиімді өткізу.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы бойынша атқарылған іс-шаралар.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды, кітап оқу арқылы әлемге деген қызығушылық мектеп қабырғасынан қалыптасуы тиіс екенін айрықша атап айтқаны баршаға белгілі. Осыған орай еліміздегі бірден-бір рухани қазына ордасы – мектеп кітапханасының алатын орны зор. Оқу адамзаттың жан-жақты да белсенді болуына ықпал ететін және жеке тұлғаны дамуы мен қалыптасуындағы маңызды іс-шараны атқаратынын мойындай отырып, қоғамды дамытудағы басты міндеттердің бірі ретінде оқуды, қолдауды қарастыра келе 125 АЛМАТЫ мектеп кітапханасы «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жұмыс жасап келеді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында көркем әдебиеттер тізімі 4 бағыт бойынша жүзеге аспақ. Яғни олардың қатарына еліміздің үздік классиктерінің кітаптары, ана тіліне аударылған шетелдік әлем әдебиетінің жауһарлар, сонымен бірге қазіргі заманғы ақын-жазушылардың кітаптары енетін болады. Білім берудегі кітап оқуға үйрету мәселелері әрдайым маңызды болғанымен, оқу сауаттылығын дамыту тапсырмасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік білім беру стандартын жүзеге асыратын заманауи мектеп үшін жаңа сала болып табылады.

Анықталған кемшіліктер:

Тәрбиенің отбасы мен мектеп арасындағы үйлесімсіздігі

Кемшілік: Тәрбие жұмысы тек мектеп деңгейінде ғана жүзеге асатын болса, отбасы тарапынан қолдаудың болмауы немесе тәрбие әдістерінің үйлесімсіздігі жұмысқа кері әсер етуі мүмкін.

Себептері: Ата-аналардың тәрбие мәселелеріне жеткілікті көңіл бөлмеуі, мектеп пен ата-аналар арасындағы байланыс әлсіз болуы.

Нәтижелері: Оқушылардың тәртібі мен мінез-құлқында қақтығыстар, ұрыс-керіскен жағдайлар туындайды, өйткені мектеп пен отбасының тәрбие бағыттары әр түрлі болуы мүмкін. Қоғамдық өмірде жас жеткіншектердің ойын ашық, толық жеткізе алмауы ішкі күйзеліске әкеп, айналасындағы ортаға шығуы мүмкін.

Тәрбие жұмысының отбасы мен мектеп арасындағы үйлесімсіздігі — өте маңызды мәселе, өйткені тәрбиенің тиімділігі ата-аналар мен мектептің бірлескен әрекетіне тікелей байланысты.

Бұл мәселеге қатысты шешімдерді бірнеше бағытта қарастыруға болады:

1. Мектеп пен отбасы арасында тығыз байланыс орнату

Шешім: Мектеп пен ата-аналар арасында тұрақты, ашық және конструктивті байланыс орнату қажет. Мұнда түрлі байланыс түрлері (телефон қоңыраулары, ата-аналар жиналыстары, жеке кездесулер, мектептің онлайн платформалары) тиімді болып табылады.

Іс-шаралар:

Ата-аналарға арналған мектептің жүйелі түрде өткізілетін жиналыстары мен семинарлары.

Ата-аналар мен мұғалімдер арасындағы кері байланыс орнатуға арналған арнайы іс-шаралар ұйымдастыру.

Оқушылардың оқу жетістіктері мен тәртібі туралы ақпараттың ашық және тұрақты берілуі.

2. Ата-аналарды тәрбие мәселелеріне тарту

Шешім: Ата-аналарға тәрбие мәселелерінің маңыздылығын түсіндіру және оларды мектептегі тәрбиелік іс-шараларға белсене қатыстыру.

Іс-шаралар:

Ата-аналар үшін тәрбие тақырыбында тренингтер мен консультациялар өткізу.

Оқушылардың тәртібі мен мінез-құлқы жөнінде ата-аналарға білім беру, ата-аналық мәдениетті арттыру.

Мектепте өтетін түрлі іс-шараларға (кештер, байқаулар, кездесулер) ата-аналардың қатысуын қамтамасыз ету.

3. Мектептегі тәрбие бағдарламалары мен ата-аналардың тәрбие әдістерінің үйлесімі

Шешім: Мектеп пен ата-аналардың тәрбиелік әдіс-тәсілдері бір-біріне сәйкес болуы керек. Мұғалімдер мен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық негізінде біртұтас тәрбие жүйесін құру маңызды.

Іс-шаралар:

Мектепте бала тәрбиесіне қатысты ортақ бағдарлама немесе тәрбие тұжырымдамасы әзірлеу, оның ата-аналар мен талқылануы.

Мұғалімдердің ата-аналар мен жұмыс жүргізуде бірыңғай әдіс-тәсілдерді қолдануы (мысалы, оқушының мінез-құлқына әсер ететін шаралар).

Ата-аналар мен мұғалімдер үшін бірлескен семинарлар мен тренингтер ұйымдастыру.

4. Ата-аналарды тәрбие жүйесіне интеграциялау

Шешім: Ата-аналардың мектептегі тәрбие жұмысына ықпал етуін арттыру үшін оларға белсенді түрде қатысу мүмкіндігін беру.

Іс-шаралар:

Ата-аналарды сыныптық немесе мектептік шараларға тарту (мысалы, «Ашық есік күндері», «Тәрбиелік форумдар»).

Педагогикалық кеңестер мен оқу процесінің тиімділігіне қатысты ата-аналар мен ортақ пікірталас алаңдарын құру.

Тәрбие жұмысының нәтижелері мен жетістіктерін ата-аналармен бөлісу, жетістіктер мен кемшіліктерді бірге талқылау.

5. Бала мен ата-ана арасындағы сенімді қарым-қатынас орнату

Шешім: Ата-аналар мен балалар арасында сенімді және қолдаушы қарым-қатынас орнату үшін оқушылардың жеке мәселелері мен қажеттіліктерін түсіну қажет.

Іс-шаралар:

Ата-аналар мен оқушылардың психологиялық және эмоционалды жағдайы туралы әңгімелесу.

Баланың жеке тұлғасын сыйлау және оның дамуына ата-аналармен бірге қолдау көрсету.

Қиын жағдайларда мектеп психологының ата-аналар мен жұмыс істей отырып, балаға көмек көрсетуі.

6. Ата-аналарға бала тәрбиесінде нақты көмек көрсету

Шешім: Ата-аналарға бала тәрбиесіндегі нақты дағдыларды үйрету. Бұл оларға өз балалары мен тиімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі.

Іс-шаралар:

Ата-аналарға арналған практикалық сабақтар мен семинарлар өткізу (мысалы, «Балаңызбен тиімді қарым-қатынас жасау», «Баланың мінез-құлқын қалыптастыру»).

Ата-аналарға психологиялық тренингтер өткізіп, олардың балалардың эмоциялық қажеттіліктерін түсінуге көмектесу.

Әртүрлі тәрбие әдістері мен принциптері туралы ақпараттар ату.

Қорытынды:

Отбасы мен мектеп арасындағы тәрбие жұмысының үйлесімсіздігін шешу үшін екі тараптың тығыз ынтымақтастығы, түсіністік және бірлескен әрекет өте маңызды. Ата-аналар мен мектеп мұғалімдері арасында тұрақты және конструктивті байланыс орнату, тәрбие әдістерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ата-аналардың тәрбие процесіне белсене қатысуын ынталандыру арқылы бұл мәселені тиімді шешуге болады.

1.6. Білім алушылардың жеке мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, бейінді оқытуды іске асыру (оқытудың тереңдетілген және стандартты деңгейі);

Қазіргі өмір талабына сәйкес бейіндік оқыту - жалпы білім беру процесінің құрылымын, мазмұнын мен ұйымдастырылуын өзгерту арқылы оқушылардың қызығушылығын неғұрлым толық ескеруге, олардың қабілетін дамытуға, жоғары сынып оқушыларына өздерінің кәсіби қызығушылығы мен оқуын жалғастыруға қатысты ұстанған бағыт-бағдарына сәйкес білім беру үшін жағдай туғызуда мүмкіндік беретін саралау мен даралау құралы болып табылады.

Бейінді оқыту – жалпы білім беретін мектептердің жоғарғы сатысында даралап оқытуға, оқушының әлеуметіне және мектептің жоғарғы сатысының орта және жоғарғы кәсіптік білім беру мекемелерімен сабақтастығына бағытталған арнайы дайындық жүйесі.

Бейінді оқытудың негізгі мақсаты оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтенуін, оқушылардың орта және жоғары кәсіптік оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету болып табылады. Сондай-ақ, оқушылардың қызығушылық бағытын, қабілетін, келешекте не болуға тиісті мамандыққа бейімделуін қанағаттандыру, жеке тұлғаға бағыттау, яғни оқытуды дифференциациялау және индивидуализациялау міндеттері белгіленген.

2022-2023 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 10 «Ә», «Б», «З» сыныптарына оқу сауаттылығы, АЭТД, Абайтану, бионика, 10 «А» сыныбына физика күрделі есеп, мат.практикум, оқу сауаттылығы, АЭТД, 10 «Г» сыныбына мат.практикум, АЭТД, оқу сауаттылығы, геоэкология, 10 «Г» сыныбына мат.практикум, АЭТД, оқу сауаттылығы,

робототехника, 10 «Ж» сыныбына мат.практикум, АЭТД, оқу сауаттылығы, физика күрделі есеп пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың құқықтық және тарихи сауаттылықты қалыптастыру, азаматтық жауапкершілік пен сыни ойлауды дамыту мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «Ғ», «Ж», «З» сыныптарында дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене шынықтыруын арттырумен қатар, спорттық дағды мен тәртіпке үйрету мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «Ғ», «Ж», «З» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық күзиреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын, функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін және өмірлік маңызға ие білімдерін қалыптастыру мақсатында 10 В, Д, Е, К сыныптарында Абайтану, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, АЭТД пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 10 «В», «Д», «Е», «К» сыныптарында биология, химия пәндерін оқу үшін 2 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене мәдениетін, салауатты өмір салтын ұстануға, қозғалмалы бағыттағы спортқа икем-дағдыларын қалыптастыру мақсатында 10 «В», «Д», «Е», «К» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық күзиреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 11 «А», «Ә», «Л», «М», «У», «Я» сыныптарына мат.практикум, оқу сауаттылығы, бионика, физика күрделі есеп, 11 «Б», «В», «Ю» сыныбына мат.практикум, оқу сауаттылығы, бионика, робототехника, 11 «Г», «Ғ», «Д», «Р», «С сыныптарына химия күрделі есеп, оқу сауаттылығы, Абайтану, бионика, 11 «З», И сыныптарына мат.практикум, оқу сауаттылығы, бионика, геоэкология, 11 О сыныбына мат.практикум, оқу сауаттылығы, АЭТД, робототехника, 11 «Ч» сыныбына оқу сауаттылығы, АЭТД, робототехника, физика күрделі есеп, 11 «Ө» сыныбына оқу сауаттылығы, АЭТД, Абайтану, бионика, 11 «Т» сыныбына мат.практикум, АЭТД, бионика, робототехника пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың құқықтық және тарихи сауаттылықты қалыптастыру, азаматтық жауапкершілік пен сыни ойлауды дамыту мақсатында 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «З», «И», «Л», «М», «О», «Р», «Ө», «Ч», «Я», «С», «Т», «У», «Ю» сыныптарында дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене шынықтыруын арттырумен қатар, спорттық дағды мен тәртіпке үйрету мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «Ғ», «Ж», «З» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық күзиреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың ұлттық рухани құндылықтарын, функционалдық сауаттылығын, сыни ойлау қабілетін

және өмірлік маңызға ие білімдерін қалыптастыру мақсатында 11 «Е», «Ж», «К», «Қ», «Ш», «Щ», «Ы» сыныптарында Абайтану, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, бионика, 11 «Е», «Ф», «Х» сыныптарында Абайтану, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы, АЭТД пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 11 «Е», «Ж», «К», «Қ», «Ф», «Х», «Ш», «Щ» сыныптарында биология, химия, 11 «Ы» сыныбында физика, биология пәндерін оқу үшін 2 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене мәдениетін, салауатты өмір салтын ұстануға, қозғалмалы бағыттағы спортқа икемділіктерін қалыптастыру мақсатында 11 «Е», «Ж», «К», «Қ», «Ф», «Х», «Ш», «Щ», «Ы» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

2023-2024 оқу жылында қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 10 «В», «С» сыныптарына шетел тілі, қазақ тілі, АЭТД пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 10 «В», «С» сыныбына химия, биология пәндерін оқу үшін 2 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың ақыл-ой өрісті дамытату мақсатында 10 «В», «С» сыныптарына «Шахмат» курсынан 1 сағаттан берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 10 «А», «Ф» сыныбында алгебра, физика, АЭТД, 10 «Ә», «О» сыныбында алгебра, АЭТД, информатика, 10 «Б», «Р», «Х» сыныбында АЭТД, химия, биология, 10 «Г» сыныбында АЭТД, география, биология, 10Ш алгебра, биология, химия пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «О», «Р», «Ф», «Х», «Ш» сыныбына дүниежүзі тарихы мен құқық негіздері пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Элективті курс есебінен 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «О», «Р», «Ф», «Х», «Ш» сыныптарына «Математикалық сауаттылық» курсына 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың ақыл-ой өрісті дамытату мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г», «О», «Р», «Ф», «Х», «Ш» сыныптарына «Шахмат» курсынан 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 11 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық құзіреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Таңдау бойынша пәндер-тереңдетілген деңгей есебінен 11 «Л», «Д» сыныптарына география, дүниежүзі тарихы пәндеріне 2 сағаттан берілді, 11 «К», «Қ», «Ж», «З», «М», «Т» сыныптарына дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерінен 2 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында биология/ химия бағытындағы 11 «Ж», «З», «К», «Қ», «Т», «М», «Д», «Л» сыныптарына химия, биология пәндерін оқу үшін 2 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 11 «Ж», «З», «К», «Қ», «Т», «М»

сыныбына шетел тілі, қазақ тілі, қазақ әдебиеті, 11 «Д», «Л» шетел тілі, қазақ тілі, АӨТД пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың ақыл-ой өрісті дамытату мақсатында 11 «Ж», «З», «К», «Қ», «Т», «М», «Д», «Л» сыныптарына «Шахмат» курсынан 1 сағаттан берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11 сыныптарда вариативтік компонент есебінен Жаһандық күзінеттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Таңдау бойынша пәндер-тереңдетілген деңгей есебінен 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е», «И», «Н», «Щ», «Ы», «Ю», «Я» сыныптарына физика, биология 3 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында биология/ химия бағытындағы 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е», «И», «Н», «Щ», «Ы», «Ю», «Я» сыныптарына дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында биология/химия бағыттарындағы 11 «А», «Ә», «Я» сыныптарында алгебра 2 сағат, физика 1 сағат, 11 «Б», «В» «И», «Ю» сыныптарында алгебра 1сағат, информатика 2сағат, 11 «Г», «Ғ», «Е», «Щ» сыныптарында алгебра 2сағат, география 1сағат, 11 «Ы», «Н» сыныптарына биология 2сағат, химия 1сағат тереңдетіп оқыту мақсатында берілді.

Элективті курс есебінен биология/ химия бағыттарындағы 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е», «И», «Н», «Щ», «Ы», «Ю», «Я» сыныптарына «Математикалық сауаттылық» курсына 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың ақыл-ой өрісті дамытату мақсатында 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Е», «И», «Н», «Щ», «Ы», «Ю», «Я» сыныптарына «Шахмат» курсынан 1 сағаттан берілді.

2024-2025 оқу жылында жаратылыстану-математикалық бағытындағы 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық күзінеттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 10 «Ә», «Б» сыныптарына құқық негіздері, алгебра ж/е АБ, қазақ тілі пәндерін тереңдетіп, 10А сыныбына құқық негіздері, биология, химия пәндерін тереңдетіп, 10 «Г» сыныбына құқық негіздері, алгебра ж/е АБ, биология пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г» сыныбына дүниежүзі тарихы мен графика және жобалау пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Элективті курс есебінен 10 «А», «Ә», «Б», «Г» сыныптарына «Математикалық сауаттылық» курсына 1 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене мәдениетін, салауатты өмір салтын ұстануға, қозғалмалы бағыттағы спортқа икемділіктерін қалыптастыру мақсатында 10 «А», «Ә», «Б», «Г» «Ә», «Б», «Г» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10 сыныптарға вариативтік компонент есебіндегі Жаһандық күзінеттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында 10 «В», «Ғ» сыныбына алгебра ж/е АБ, химия, қазақ тілі пәндерін тереңдетіп оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында 10 «В», «Ғ» сыныбына биология, кәсіптік және бизнес негіздері пәндерін оқу үшін 2 сағаттан берілді.

Дене шынықтыру: спорттық ойындар есебінен білім алушылардың дене мәдениетін, салауатты өмір салтын ұстануға, қозғалмалы бағыттағы спортқа икем-дағдыларын қалыптастыру мақсатында 10 «В», «Ғ» сыныптарына «Үстел тенісі» курсынан 1 сағаттан берілді.

Жаратылыстану-математикалық бағытындағы 11 сыныптарда вариативтік компонент есебінен Жаһандық күзиреттілік курсына 1 сағаттан берілді.

Таңдау бойынша пәндер-тереңдетілген деңгей есебінен 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д» сыныптарына физика, география пәндеріне 3 сағаттан берілді, 11 «Ж», «З», «М» сыныптарына биология, химия пәндеріне 3 сағаттан берілді.

Стандартты деңгей есебінен оқушылардың пәндік білімін тереңдетіп, метапәндік білімін жақсарту мақсатында биология/ химия бағытындағы 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Ж», «З», «М» сыныптарына дүниежүзі тарихы, графика және жобалау пәндерін оқу үшін 1 сағаттан берілді.

Инвариантты компоненттен таңдау бойынша пәндер есебінен оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамыту мақсатында биология/ химия бағыттарындағы 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д» сыныптарына құқық негіздері, биология, химия пәндерін тереңдетіп, 11 «Ж» сыныбына құқық негіздері, физика, география пәндерін тереңдетіп, 1 «Ж», «З», «М» сыныптарына құқық негіздері, алгебра ж/е Аб, қазақ тілі пәндерін тереңдетіп оқыту мақсатында 1 сағаттан берілді.

Элективті курс есебінен биология/ химия бағыттарындағы 11 «А», «Ә», «Б», «В», «Г», «Ғ», «Д», «Ж», «З», «М» сыныптарына «Математикалық сауаттылық» курсына 1 сағаттан берілді.

